

Мысалы:

Тапсырманы 4 жұмысшы 120 сағатта орындайды. Осы тапсырманы 8, 12, 16 жұмысшы неше сағатта орындайды?

•Шешуі: 1) Тапсырманы 4 жұмысшы 120 сағатта орындаса, онда 1 жұмысшы неше сағат орындайды? $4 \cdot 120 = 480$ (сағ);

2) Тапсырманы 8 жұмысшы орындаса, неше сағатта орындайды? $480 : 8 = 60$ (сағ);

3) Тапсырманы 12 жұмысшы орындаса, неше сағатта орындайды?
 $480 : 12 = 40$ (сағ);

4) Тапсырманы 16 жұмысшы орындаса, неше сағатта орындайды?
 $480 : 16 = 30$ (сағ);

Кесте толтырайық:

Жұмысшылар саны	4	8	12	16
Жұмыс уақыты	120	60	40	30

Жұмысшы саны 2 есе көбейсе, тапсырманы орындайтын жұмыс уақыты 2 есе кемиді.

Шамалардың кері пропорционалдығының қасиеті: бір шаманы бірнеше есе арттырса (кемітсе), онда екінші шама сонша есе кемиді (артады).